


2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында ҚХА және ӘГП кафедрасы базасында
«Саналы ұрпақ» студенттік клубының атқарған жұмысы туралы есеп

№	Іс-шараның атауы	Ақпарат	Қамтылғандар саны	Сурет
Қыркүйек 2025				
1	«Саналы ұрпақ» ерікті студенттік клубының жұмысын жандандыру»	2025 жылғы 1–20 қыркүйек аралығында университетте «Саналы ұрпақ» ерікті студенттік клубының қызметін жандандыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Негізгі нәтижелер: 1. Клубқа жаңа мүшелерді тарту мақсатында 1 және 3 курс студенттері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 2. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде аталған курстардағы студенттердің жалпы санының 15 %-ына дейінгі бөлігі клуб құрамына қабылданды. 3. Қабылдау қорытындысы бойынша клуб мүшелерінің саны артты: ○ 2024–2025 оқу жылында клуб құрамында 140 студент болды; ○ 2025–2026 оқу жылында қатысушылар саны 210 студентке дейін өсті. Осылайша, «Саналы ұрпақ» студенттік клубының құрамын кеңейту бағытында оң динамика байқалады.	1–2 курс студенттері (210 адам)	   

2	Академиялық адалдық пен парасаттылық мәселелеріне арналған бірыңғай сағатты ұйымдастыру	2025 жылғы 2–4 қыркүйек аралығында Қарағанды техникалық университетінде дәстүрлі «Бірінші курс студенттері апталығы» аясында ҚХА және ӘГП кафедрасы ұйымдастырған «Парасаттылық қағидаттарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында дәрістер өткізілді. Іс-шараларды өткізудің мақсаты: • студенттерде адалдық, әділдік және жауапкершілік сияқты тұрақты құндылықтарды қалыптастыру; • білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру; • бірінші курс студенттерін академиялық адалдықтың негізгі қағидаттарымен, университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен және мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Дәрістер барысында студенттерге төмендегі бағыттар бойынша материалдар ұсынылды: • Студенттің ар-намыс кодексі; • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт; • Әдеп жөніндегі кеңестің рөлі; • «Саналы ұрпақ» клубының қызметі; • «Адалдық аумағы» тұжырымдамасы; • тәртіп, академиялық этиканы сақтау және университет мүлкінің сақталуы мәселелері. Өткізілген дәрістердің кестесі:	3000 студент (1 курс студенттерінің толық контингенті)	
---	--	---	---	--

		• 2025 жылғы 2 қыркүйек — дәрісті ҚХА және ӘГП кафедрасының оқытушысы Қайырбек Меруерт Сәбитқызы және аға оқытушы Сейдинова Мадина Абдрашидовна өткізді. • 2025 жылғы 3 қыркүйек — дәрісті аға оқытушылар Жуматова Гульзат Мухаметкаримовна және Шарипова Руфина Мнировна өткізді. • 2025 жылғы 4 қыркүйек — дәрісті аға оқытушылар Толеуова Маржан Омирбековна және Ивлева Евгения Николаевна өткізді.		
	Қазан 2025			
3	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» жастар студенттік акциясы	2025 жылғы 16–22 қазан аралығында Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы аясында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты жастар акциясы өтті. Аталған акция студенттер арасында сыбайлас жемқорлықты қабылдамау көзқарасын қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ойлауды дамытуға бағытталды. Акция студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және нығайту, сондай-ақ адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын насихаттау мақсатында өткізілді. Іс-шараның негізгі міндеттері: • студенттер арасында азаматтық жауапкершілікті дамыту және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қалыптастыру;	1–3 курс студенттері (2000 адам)	   

- жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтар туралы хабардарлық деңгейін арттыру;

- студенттерді қоғамдық-пайдалы қызметке тарту және жеке жауапкершілікті қалыптастыру.

Акция аясында «Саналы ұрпақ» клубының белсенділері ақпараттық брошюралар таратып, студенттермен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, адалдыққа, жауапкершілікке және академиялық адалдыққа шақырды.

Өткізілген іс-шаралар негізінде студенттердің белсенділігі мен олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуға қосқан үлесін көрсететін бейнеролик дайындалды.

Университет факультеттерінің декандары сұхбат түсірілімдеріне қатысып, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті:

- Токанов Данияр Токанович — сәулет-құрылыс факультетінің деканы;
- Жолмагамбетов Нурбек Рыспекович — тау-кен факультетінің деканы;
- Макашева Астра Мундуковна — металлургия және машина жасау факультетінің деканы;
- Кызылбаева Эльвира Жанабековна — көлік, логистика және инженерлік экономика факультетінің деканы;



		• Калинин Алексей Анатольевич — ақпараттық технологиялар факультеті деканының міндетін атқарушы; • Булатбаев Феликс Назымович — энергетика, автоматика және телекоммуникациялар факультетінің деканы. Металлургия және машина жасау факультетінің Мет-23-1 тобының студенттері акцияға белсенді қатысып, өздерінің азаматтық ұстанымын айқындайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейнеролик дайындады. Сонымен қатар, МВ-23-1 тобының студенттері «Норм немесе стрём» трендтік бейнеролигін түсіріп, адалдық пен әділдіктің тек қағидат қана емес, сонымен қатар заманауи жастар тренді екенін көрсетті. Барлық бейнематериалдар «Саналы ұрпақ» студенттік клубының Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында орналастырылды.		
Қараша 2025				
4	«Адалдық менің өзімнен басталады» эссе байқауы Студенттік ұйымдармен әлеуметтік әріптестік бағдарламасын іске асыру және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту	2025 жылғы 31 қазан мен 12 қараша аралығында «Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ-ның ҚХА және ӘГП кафедрасының «Саналы ұрпақ» студенттік клубы «Адалдық менің өзімнен басталады» атты жоғары оқу орындары арасындағы эссе байқауын өткізді. Байқаудың мақсаты студенттік жастар арасында адалдық, әділдік, жеке жауапкершілік қағидаттарын қалыптастыру, сондай-ақ құқықтық сауаттылықты арттыру	1–5 курс студенттері (50 адам))	

және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту болды.

Байқауға Қарағанды облысының үш жоғары оқу орнынан 50 жұмыс келіп түсті: Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті және Қарағанды индустриалдық университеті. Байқауға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыбына қызығушылық танытқан әртүрлі факультеттердің 1–5 курс студенттері қатысты.

Жұмыстарды бағалау ойдың түпнұсқалығы мен бірегейлігі, тақырыпқа сәйкестігі, талдаудың тереңдігі мен дәлелділігі, сауаттылығы, мәтін құрылымы, эмоционалдық әсері және техникалық талаптардың сақталуы сияқты бекітілген критерийлерге сәйкес жүргізілді. Жасанды интеллект қолдану арқылы орындалған немесе плагиат белгілері бар жұмыстар байқауға жіберілмеді.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Қазақ тіліндегі жұмыстар арасында 1-орын — Жеңіс Нұразим Жеңісұлы (академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, жетекшісі Ахметова Қарғаш Саматовна). 2-орын — Түймебаевой Ғалии Мирзағалиқызы (Қарағанды индустриалдық университеті) және Орын Сағатбекқызы



Акботе (ҚарТУ, жетекшісі Абдрахманова А.А.).

3-орын — Мухашова Дильназ (ҚарТУ, жетекшісі Жуматова Г.М.), Шынали Еңлік (ҚарТУ, жетекшісі Толеуова М.О.) және Қуанов Данияр (ҚарТУ, жетекшісі Есендосова Айнель Нуртасовна).

Орыс тіліндегі жұмыстар арасында 1-орын — Сайтарлы Варлам Витальевич (академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, жетекшісі Волгина А.П.).

2-орын — Малышева Татьяна (Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, жетекшісі Ивлева Е.Н.) және Огородник Роман Игоревич (Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, жетекшісі Саткенов А.С.).

3-орын — Кабиева Айзара Ерланқызы (Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, жетекшісі Сейдинова М.А.), Жибек Тешебай (Қарағанды индустриалдық университеті) және Ахметова Алуа Сапарғалиевна Шаркеева Ляйля Наримановнамен бірлесіп (Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, жетекшісі Шарипова Р.М.).

Байқау қорытындылары қатысушыларға электрондық пошта арқылы жолданды, сондай-ақ «Саналы ұрпақ» студенттік клубының Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында жарияланды. Байқау сәтті өтіп, студенттердің жоғары



		белсенділігін, адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыбына қызығушылығын, сондай-ақ өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе алу қабілетін көрсетті.		
Жетоксан 2025				
5	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: жастар көзқарасы» тақырыбындағы бейнероликтер байқауы Студенттік ұйымдармен әлеуметтік әріптестік бағдарламасын іске асыру және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту	Студенттік ұйымдармен әлеуметтік әріптестік бағдарламасын іске асыру және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту аясында Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Саналы ұрпақ» студенттік клубы 2025 жылғы 1–12 желтоқсан аралығында Қарағанды қаласының жоғары оқу орындарының студенттері арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: жастар көзқарасы» тақырыбында бейнероликтер байқауын өткізді. Байқаудың мақсаты — сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жастардың азаматтық белсенділігін дамыту және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті арттыру. Байқауға Қарағанды қаласының жоғары оқу орындарының студенттері қатысты, оның ішінде: • академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті; • Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті. Байқауға әлеуметтік сипаттағы авторлық бейнероликтер ұсынылды. Жұмыстарды бағалау тақырыпқа сәйкестігі, идеяның	1–4 курс студенттері (30 адам)	 

		түпнұсқалығы, орындалу сапасы, әлеуметтік маңыздылығы және шығармашылық көзқарас критерийлері бойынша жүргізілді. Байқау қорытындысы бойынша I, II және III орын иегерлері анықталды. Жеңімпаздар мен қатысушылар дипломдармен марапатталды. I орын — Досмағанбек Еркін Сыдықұлы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенті. II орын — Токен Абылайхан Бауржанович, Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті. III орын — Иса Мейіржан, Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті. Өткізілген іс-шара студенттік бастамаларды дамытуға, жоғары оқу орындары арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға және жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыруда студенттік өзін-өзі басқарудың рөлін арттыруға ықпал етті.		
--	--	--	--	--

6	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбындағы кітап көрмесі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық күніне орай өткізілген іс-шаралар аясында Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің кітапханасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шараға «Саналы ұрпақ» студенттік клубының белсенді студенттері қатысып, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелеріне арналған мазмұнды семинар-тренингті тыңдады. Семинар-тренингті өткізгендер: - Қайырбек Меруерт Сабитовна — «Саналы ұрпақ» студенттік клубының жетекшісі; - Нокербекова Асия Халыктлеуовна — ҚХА және ӘГП кафедрасының оқытушысы. Іс-шараның мақсаты — жастардың құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саналы дүниетанымды қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті дамыту. Өткізілген іс-шара студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы білімін кеңейтуге, сондай-ақ адалдық пен жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруда студенттік бастамалардың рөлін нығайтуға ықпал етті.	1–4 курс студенттері (35 адам)	  
---	--	---	--------------------------------	---

7	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары	2025 жылғы 18 қарашада «Өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология» кафедрасының оқытушылары студенттер мен магистранттар үшін жоғары оқу орнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын өткізді. Іс-шараға ҚХА және ӘГП кафедрасының оқытушысы Саткенов Акылбек Саткенович және «Саналы ұрпақ» студенттік клубының жетекшісі Қайырбек Меруерт Сабитқызы қатысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізудің мақсаты — Қазақстанда лайықты өмір сүруге бағытталған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымы қалыптасқан, патриоттық әрі бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. Кездесу барысында келесі мәселелер қарастырылды: сыбайлас жемқорлық ұғымы және оның түрлері, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы және оның даму кезеңдері, жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлықтың себептері, сондай-ақ студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жолдары.	1–4 курс студенттері (60 адам)	
---	---	--	---------------------------------------	--

